



Бекітемін:
№7 «Балдырған» санаториялық
бөбекжай-балабақшасы
коммуналдық мемлекеттік
мекеменің менгерушісі:
Э.Нұрмағанбетова

«Толағай»
Отбасылық эстафеталық жарысы
«Алтын кілт» «Құлыншақ» топтар

Дене тәрбие нұсқаушысы: Төменбай А

2024 – 2025 оқу жылы

«Толағай» отбасылық эстафеталық жарысы

Мақсаты: Балалардың денсаулығын жақсарту, қимыл қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, балабақша мен ата-ана арасындағы байланысын нығайту.

Құрал-жабдықтар:

Түрі: Эстафеталық жарыс

Өткізілетін орны: Музыка залы.

Барысы:

Жүргізуші: Қадірменді балабақша ұжымы мен ата — аналар!

Бүгінгі “Әкем, шешем және мен” атты спорттық – отбасылық жарысқа қош келдіңіздер!

Әр таңды бақытпенен атырамыз

Өнердің ой көгінде бақылаңыз

Сайысқа қатысуға енді ортаға

Үлгілі де өнегелі отбасыларды шақырамыз.

1. «Темірбаевтар» отбасы «Береке» тобы

Ұраны: Сайысымыз берекелі болсын!

2. «Төлешовтер» отбасы «Бірлік» тобы

Ұраны: Бірлік барда тірлік бар!

Денсаулық — бар байлығың басыңдағы,

Жайнаған өміріңнің жасыл бағы

Қастерлеп аяласаң, мөпелесең,

Бойыңнан кетпес қуат жасыңдағы

Денсаулық қашаннан да алтынға тең,

Болады болашағың жарқын да кең.

Аңдамай жақын болсаң арсыздықпен,

Ойланып көп тасымай ақылға кел, — дей келе жарысымыздың сайыс

кезеңдерімен таныс болайық. Сайыс бкезеңнен тұрады.

1. *Таныс болайық!*
2. *«Шаңғышылар»*
3. *«Хоккей ойнайық!»*
4. *«Қар тасу»*
5. *«Жылгадағы су»*
6. *«Кім жылдам?»*
7. *«Елті қолғантар»*

Сайысымыз 5 балдық жүйемен бағаланады.

Ал, құрметті халайық!
Жарысты енді көріңдер.
Әділ қазы алқасы,
Әділ баға беріңдер!

Жарысты бастамас бұрын ойынға әділ бағасын беретін әділ қазылар алқасымен таныстыра кетейін:

1. *Балабақша әдіскері: Серікбаева К.*
2. *Балабақша медбикесі: Сұлтаева А.*
3. *Балабақша логопеді: Қожамұратова А.*

Спорттық жарысымызды бастамас бұрын бой жаттығуларын орындап жіберейік.

(Қатысушылар шеңберге тұрып жаттығулар орындайды.)

Жүргізуші: Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәттілік!
Сайысымызды бастаймыз.

1-кезең: «Таныстыру»

Команда мүшелері топтың атымен, ұранымен, эмблемасымен таныстыруы керек.

2-кезең: «Шаңғышылар»

Ойыншылар шаңғыларымен кедергі арасымен айналып келіп, эстафетаны келесі ойыншыға тапсырады.

3-кезең «Хоккей ойнайық»

Кедергі арасымен хоккей таяқшасымен шайбаны жылжытып отырып қақпаға ұрып, қайтар жолда тура қайтады.

4-кезең «Қар тасу»

Ойыншылар күректерімен қарды алып кедергі арасымен межеде тұрған ыдысқа жинауы керек.

5-кезең «Жылгадағы су»

Кішкене доптарды құбыр бойымен шелекке жинау керек.

6 – кезең «Кім жылдам?»

Үлкендер құрсауларды бойынан өткізеді, бала арнайы ойыншық аяқпен жүреді, межеге жеткенде мергендіктері сыналады.

7-кезең «Епті қолғаптар»

Ата-ана қолғаптарымен шашылған майда доптарды жинауы керек.

Көрсетті міне өз өнерін ойыншылар,

Сайыстың да соңы келіп таянар.

Жеңімпазды анықтайық қанекей,

Әділқазы сайысты әділ бағалар, — дей отырып, марапаттау сөз әділ – қазы алқасына беріледі.

Жүргізуші:

Деменіздер біз өнерді аяп қалды,

Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.

Сау болып тұрыңыздар кездескенше

Осымен сайысымыз аяқталды.

Алтын уақыттарыңызды қиып, бүгінгі сайысқа қатысқандарыңыз үшін топтарға алғысымызды білдіреміз. Амандықта жүздескенше, сау болыңыздар!

“Толғафай” отбасылық эстафеталық сайысы.

